

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы баяндаманың жобасын және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының жобасына ұсыныстарды дайындау жөніндегі жұмыс тобы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 8-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.01.15. N 3 өкімімен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 6) тармақшасына, " Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы баяндаманың жобасын (бұдан әрі - Баяндаманың жобасы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының жобасына ұсыныстарды дайындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|----------------------|-----------------------------------|
| Мәсімов | - Қазақстан Республикасы |
| Кәрім Қажымқанұлы | Премьер-Министрінің орынбасары, |
| жетекші | |
| Келімбетов | - Қазақстан Республикасының |
| Қайрат Нематұлы | Экономика және бюджеттік |
| | жоспарлау министрі, жетекшінің |
| орынбасары | |
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының |
| Марат Әпсәметұлы | Экономика және бюджеттік |
| | жоспарлау вице-министрі, хатшы |
| Ақанов | - Қазақстан Республикасының |
| Айқан Ақанұлы | Денсаулық сақтау вице-министрі |
| Кесікбаев | - Қазақстан Республикасының |
| Сұлтанғали Қабденұлы | Қоршаған ортаны қорғау бірінші |
| вице-министрі | |
| Әбдімомынов | - Қазақстан Республикасының Білім |
| Азамат Құрманбекұлы | және ғылым вице-министрі |
| Айтжанов | - Қазақстан Республикасының Ауыл |
| Дулат Нулиұлы | шаруашылығы вице-министрі |

Дүйсенова - Қазақстан Республикасының Еңбек
Тамара Босымбекқызы және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы
Рәпіл Сейітханұлы істер министрінің орынбасары

Исекешев - Қазақстан Республикасының
Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда
вице-министрі

Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік
Жеңіс Махмұдұлы және коммуникация вице-министрі

Құсдәулетов - Қазақстан Республикасының
Дулат Рашитұлы Әділет вице-министрі

Петров - Қазақстан Республикасының
Валерий Викторович Төтенше жағдайлар вице-министрі

Өтеулина - Қазақстан Республикасының Білім
Хафиза Мұхтарқызы және ғылым вице-министрі

Әбділманов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Алмас Кәкімтайұлы министрлігінің Штабтар
бастықтары комитеті төрағасының
бірінші орынбасары

Алдабергенов - Қазақстан Республикасы Табиғи
Нұрлан Шәдібекұлы монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының бірінші орынбасары

Райымбеков - Қазақстан Республикасы Жер
Каналбек Ұтжанұлы ресурстарын басқару агенттігі
төрағасының орынбасары

Тортаев - Қазақстан Республикасы
Бауыржан Қадырұлы Статистика агенттігі төрағасының
орынбасары

Айманбетова - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Гүлбану Зарлыққызы Банкі Төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Божко - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Владимир Карпович қауіпсіздік комитеті төрағасының
бірінші орынбасары (келісім
бойынша)

Әбдірахымов - Қазақстан Республикасы
Ғабидолла Рахматоллаұлы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

төрағасының бірінші орынбасары
(келісім бойынша)

Баймағамбетов - Қазақстан Республикасы
Серік Нұртайұлы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі
(қаржы полициясы) төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Досмұқаметов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Қанат Мұхаметкәрімұлы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау агенттігі
төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

Нүсіпова - Қазақстан Республикасы
Әсем Бекқызы Премьер-Министрінің Кеңесі Жиынтық
талдау бөлімінің меңгерушісі

Котенко - Қазақстан Республикасы
Наталья Леонидовна Премьер-Министрінің Кеңесі
Экономика бөлімінің меңгерушісі

Табанов - Қазақстан Республикасы
Эльдар Рашитұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Өндірістік сала және инфрақұрылым
бөлімінің меңгерушісі

Егімбаева - Қазақстан Республикасы
Жанна Дачерқызы Премьер-Министрінің Кеңесі Заң
бөлімінің меңгерушісі

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ержан Жалбақұлы ақпарат және спорт вице-министрі

Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Алик Жатқамбайұлы вице-министрі

Ақшолақов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Болат Оралұлы және минералдық ресурстар вице-
министрі

Елемесов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Асқар Раушанұлы вице-министрі

Есекеев - Қазақстан Республикасы
Куанышбек Бақытбекұлы Ақпараттандыру және байланыс
агенттігі төрағасының орынбасары

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.03.02. N
45 өкімімен.

2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 қаңтардағы мәжілісінің N 1 хаттамасында белгіленген мерзімде Баяндаманың жобасын және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының жобасына ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін;

оған орталық, жергілікті атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың мамандарын тарту, сондай-ақ Баяндаманың жобасын әзірлеу үшін қажетті материалдарды сұрату құқығы берілсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мыналардың:

2006 жылғы 15 наурызға қарай Мемлекет басшысының 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) және Жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің;

2006 жылғы 20 наурызға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының жобаларын белгіленген тәртіппен е н г і з с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.03.02. N 45 өкімімен.

Премьер-Министр